

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ
ДАМУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№27 Н. ТІЛЕНДИЕВ АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ ОРТА
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА
№27 ИМЕНИ Н.ТИЛЕНДИЕВА»
ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА
КЕЛЕССКОГО РАЙОНА»
УПРАВЛЕНИЯ
РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

01.09.2022

Жаңа қоныс ауылы

Приказ

№ 131

село Жаңа қоныс

«Мектептегі қыздармен жұмыс туралы»

2022-2023 оқу жылындағы мектептің тәрбие жұмысының жоспарын орындау және қыздармен жұмысты жандандыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектептегі қыздармен жұмысты жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін. /№1 қосымшасы/
2. Мектепте «Парасат» қыздар ұйымының төрайымы Ұ. Сәрсенбаева, хатшысы Р.Алипова болып бекітісін.
3. Мектепте «Парасат» қыздар ұйымына мүшелері құрамына төмендегілер бекітілсін:

Мектеп директорының бастауыш сыныптар бойынша оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Ж. Асанбаева

Мектептің педагог психологы- А. Анарбаева

Кітапханашы- А. Сұлтанова

Биология пәнінің мұғалімі- Г. Абенова

Бастауыш сынып пәнінің мұғалімі- З. Абдурахманова

4. Қыздармен жұмысты жыл бойы жандандыру үшін, түрлі байқаулар, кездесулер, конференциялар ұйымдастырылып өткізілсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Асанбаеваға жүктелсін.

Мектеп директоры

Ш. Мамашова

Орындаған: Н. Серікбаев





«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директоры:

Ш. Мамашова

№27 Н.Тілендиев атындағы жалпы орта мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы қыздармен жұмысты жетілдіру жөніндегі «Парасат» қыздар ұйымының іс-шаралар жоспары.

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Мектепте «Қыздармен жұмысты жетілдіру» жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту және оны бұйрықпен рәсімдеу.	Қыркүйек	Мектеп директоры Ш. Мамашова
2.	«Қыз еркем-қылығымен көркем» тақырыбында сыныптарда әңгіме өткізу.	Қыркүйек	1-11 сынып жетекшілері
3.	Көшеде, мектепте жүріп, тұруы өрескел қыздармен жеке әңгімелесу, түсіндіру жұмыстарын жүргізу.	Жыл бойы	1-11 Сынып жетекшілері «Парасат» қыздар ұйымы
4.	«Қыз баланың әдебі» тақырыбында сынып сағаттарын өткізу.	қазан	1-11 Сынып жетекшілері
5.	«Қазақ халқының дәстүрлері» тақырыбында диспуттар өткізу.	қараша	8-11 сынып жетекшілері
6.	«Қызды қырық үйден тыю» тақырыбында пікір алмасу.	қаңтар	7-11 сынып жетекшілері
7.	«Қыз сыны-2022» байқауын өткізу.	наурыз	Педагог ұйымдастырушы Ұ. Сарсенбаева «Парасат» қыздар ұйымы
8.	Қыздар комитетінің жиналыстарын өткізу.	Ай сайын	«Парасат» қыздар ұйымы
9.	«Үлгілі отбасы-2022» байқауын өткізу.	мамыр	«Парасат» қыздар ұйымы

Директордың бастауыш

сыныптар бойынша оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ж. Асанбаева

ТУРКИСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ
ДАМУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№27 Н. ТИЛЕНДИЕВ АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ ОРТА
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА
№27 ИМЕНИ Н.ТИЛЕНДИЕВА»
ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА
КЕЛЕССКОГО РАЙОНА»
УПРАВЛЕНИЯ
РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

24.01.2023 ж

Жаңа қоныс ауылы

Приказ

№ 12

село Жаңа қоныс

«Мектептегі қыздармен жұмыс туралы»

Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің 20.01.2023 жылғы № 11 н\к
бұйрығын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың негізінде мектептегі қыздармен жұмысты жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін. /№1 қосымшасы/
2. Мектепте «Парасат» қыздар ұйымының үшінші және төртінші тоқсанда мектепішілік жиналысын өткізу ұйым төрайымы Ұ. Сәрсенбаева және қыздар ұйымының мүшелеріне міндеттелсін.
3. Ақпан, наурыз, сәуір, мамыр айындағы жиналыстарын №1 қосымшадағы тақырыптар бойынша өткізу ұйым төрайымы Ұ. Сәрсенбаева және «Парасат» қыздар ұйымының төмендегі мүшелері мектеп директорының бастауыш сыныптар бойынша оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Асанбаева, мектептің педагог психологы А. Анарбаева, кітапханашы А. Сұлтанова, биология пәнінің мұғалімі Ғ. Абенова және бастауыш сынып пәнінің мұғалімі З. Абдурахмановаға жүктелсін.
4. Апталық сынып тәрбие сағатында тәрбиелік маңызы бар тақырыптар бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу 1-11 сынып жетекшілеріне міндеттелсін.
5. «Мен өмірді сүйемін, басымды саған иемін» тренинг жарыстар өткізу мектептің педагог психологы А. Анарбаеваға міндеттелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Н. Серікбаев және Ж. Асанбаеваға жүктелсін.

Негіз: Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің 20.01.2023 жылғы № 11 н\к бұйрығы.

Мектеп директоры

Ш. Мамашова

Орындаған: И. Серікбаев



Мектеп директоры Мамашова
Мектеп директорының 24.01.2023 жыл № 12,
бұйығының көшімі

№27 Н.Тілендиев атындағы жалпы орта мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы қыздармен жұмысты жетілдіру жөніндегі «Парасат» қыздар ұйымының іс-шаралар жоспары.

Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1 Мектепте мектепішілік қыздар жиналысын өткізу	Тоқсанына бір рет	Педагог ұйымдастырушы Ұ. Сарсенбаева «Парасат» қыздар ұйымы
2 1 жиналыс 1. «Жеке бас гигиенасы» тақырыбында сыныптарда әңгіме өткізу.	Ақпан	Педагог ұйымдастырушы Ұ. Сарсенбаева «Парасат» қыздар ұйымы Мектеп медбикесі
3 2 жиналыс 1. «Қыз тәрбиесі ұлт тәрбиесі» 5-11 сыныптар	Наурыз	5-11 Сынып жетекшілері Педагог ұйымдастырушы Ұ. Сарсенбаева «Парасат» қыздар ұйымы Мектеп медбикесі
4 3 жиналыс 1. Ерте жүктіліктің алдын алу 2. «Қыз баланың әдебі» «Қыз бала болашақ ана» кеңес 3. 8-9 сынып қыздар ұйымының есебі.	Сәуір	8-9 Сынып жетекшілері Педагог ұйымдастырушы Ұ. Сарсенбаева «Парасат» қыздар ұйымы Мектеп медбикесі
5 4 жиналыс 1. Біз мектеп оқушысына лайықпызба 2. «Қызға қырық үйден тыю» 3. «Қазақ халқының дәстүрлері» тақырыбында диспуттар өткізу.	Мамыр	5-11 Сынып жетекшілері Педагог ұйымдастырушы Ұ. Сарсенбаева «Парасат» қыздар ұйымы Мектеп медбикесі
6 «Мен өмірді сүйемін, басымды саған иемін» тренинг жарыстар өткізу «Қызды қырық үйден тыю» тақырыбында пікір алмасу.	Наурыз Сәуір	мектептің педагог психологы Анарбаева 5-11 Сынып жетекшілері
7 Жылдық қорытынды жиналыс.	Мамыр	Педагог ұйымдастырушы Ұ. Сарсенбаева «Парасат» қыздар ұйымы

23.09.2022ж

Қатысқандар: 112 қыз бала
5-11 сыныптар

Күн тәртібінде

1. Мектептің ішкі тәртіп ережес туралы
2. Медбике кеңесі

Тыңдалды:

Тыңдалды: қыздар кеңесінің төрайымы Сарсенбаева Ұлжалғас апай күн тәртібіндегі Бірінші мәселе мәселемен таныстырды.

Бойынша : Құрметті қыздар біздің мақсатымыз мектептегі әрбір қыз баланы ибалықты сақтауға баулу, адамгершілікке имандылық эстетикалық тәрбие беру. Адам мінез құлқының іс-қимылының дүниедегі ең сұлу мәнге ие екендігін дәлелдеу, сол арқылы оқушылардың жан дүниесінің сұлу болуына ықпал жасау.

Қыркүйек айында әрбір оқушы, ата-ана мектептің ішкі тәртіп ережесімен танысқандығын айтып, қыздар үнемі мектеп формасында. Қыс мезгілінде классикалық шалбар кию керектігі ескертілді. Оқушылар үнемі мектеп формасында келу және бір ыңғай талап ережесін сақтау керектігі түсіндірілді.

Екінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Жұлдыз апай салауаты өмір салты туралы қысқаша баяндап өтті. Өз денсаулығына деген ынталы қатынасты қалыптастыру ең бірінші денсаулық құндылықтары. Қазірден бастап салауатты өмір салты нені қамтитынын білу үшін, негізгі талаптарға тоқталып өтейік: денешынықтыру және спорт қозғалыс адам өмірінде маңызды орын алады.

Жеке басты гигиенасы тазалық және мұнтаздылық адам үшін өте маңызды жұқпалы аурудың алдын алу, зиянды әдеттердің алдын алу т.б Жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе жиналыс төмендегіше ұсыныс етеді:

1. Қыздардың мінез құлқы, тәртібі бірыңғай толық ережесін сақтау және қадағалау оқушыға және ата-анасына міндеттелсін.

2. Жеке бас гигиенасын және салауатты өмір салтын сақтау әрбір оқушы қызға міндеттелсін.

Қыздар кеңесінің төрайымы:

Сарсенбаева Ұ

Хатшы:

Алипова Р

**№27 Н.Тілендиев атындағы жалпы орта мектептің қыздар
жиналысының**

Хаттамасы. № 2.

20.10.2022ж

**Қатысқандар: 158 қыз бала
5-11 сыныптар**

Күн тәртібінде

1. « Қыз баланың әдебі » баяндама
2. Медбике кеңесі
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша «Қыз баланың әдебі» тақырыбында 5-11 сынып қыздарына болған жиналыста баяндама оқылып өтті. Парасат ұйымының басты мақсаты – қазақ қыздарының бойына барынша ұлттық салт дәстүрді, тәлім – тәрбиені сіңіру.

Қыз баланы әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа шынайылыққа тәрбиелеу. Сондықтан ата-бабаларымыз «Қыз қылығымен сүйкімді» деген сөзді бекер айтпаса керек. Қыз деген сөздің өзі әдептілік, әдемілік жан-жақты сұлулық деген ұғымымен үйлесімделіп жатқандай. Баяндама туралы оқушылар өз пікірлерін ортаға салды. 8-11 сыныптарға сынып жетекшілер «Қыз баланың әдебі» тақырыбында сынып сағатын өтті. Тақырыпқа байланысты қыздарға видеороликтер көрсетілді.


Екінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Ділдәбекова Айжұлдыз қыздарға жеке бастың гигиенасы, шаш күтімі жайлы кеңес айтты.

Әр түрлі мәселелерде суық түсуіне байланысты, қыздардың жылы киініп жүрулері және карантин талаптарын сақтау талқыланды.

Қаулы:

- 1. Қыздар жеке бастың гигиенасын таза ұстауы сақталсын.**

Жиналыс төрайымы:  **Ұ.Сарсенбаева**

Хатшы:  **Р. Алипова**

№ 27 Н.Тілендиев атындағы жалпы орта мектептің қыздар
жиналысының

№ Хаттамасы. 9.

25.11.2022 ж

Жаңа қоныс ауылы

Қатысқандар: 101 қыз бала
7-11 сыныптар

Күн тәртібінде

1. Кәмелет жасқа толмағандар арасында ерте жүктілікті болдырмау және алдын алу шараларын қарастыру, түсіндіру
2. «Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі» баяндама
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша кәмелет жасқа толмағандар арасында ерте жүктіліктің салдарын, жүктіліктің ағзаға тигізетін зияны жөнінде мектеп медбикесі түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мектеп психологы Анарбаева Ажар апай қыздардың жасөспірім, өсу, жетілу кезінде болатын өзгерістері жайлы түсіндірді. Көптеген келеңсіз жағдайларға баратын жеткіншектер психологиялық ахуалы төмен немесе ойлау қабілеттеріне кері әсер беретін жағдаяттар әсерінен болған ауытқуы бар, мінезі жеңіл қыз балдардың жолығатынын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында баяндама оқылды. «Қыз тәрбиелеген адам бүкіл ұлтты тәрбиелейді, ұл тәрбиелеп отырған ата-ана жердің иесін тәрбиелейді,»- дегендей қыз тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу керек екендігі туралы Ұлжалғас апай айтып өтті.

Үшінші мәселеге байланысты қыздардың мектепке формамен, бантик тағып келуі ескертілді.

Қаулы етеді.

1. Кәмелет жасқа толмағандар арасында ерте жүктіліктің алдын -алу шараларын қарастырылсын
2. «Қыз тәрбиесі-Ұлт тәрбиесі» атты баяндама қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Қыздардың формамен келуі қадағалансын .

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

Ұ Сәрсенбаева

Р.Алипова